

2015 - 2017 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 28 қарашадағы № 259-V ҚРЗ.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы Заң 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

1-бап. 2015 – 2017 жылдарға арналған республикалық бюджет тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2015 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

- 1) кірістер – 5 806 766 099 мың теңге, оның ішінде:
салықтық түсімдер бойынша – 3 012 966 049 мың теңге;
салықтық емес түсімдер бойынша – 151 440 677 мың теңге;
негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер бойынша – 9 758 247 мың теңге;
трансферттер түсімдері бойынша – 2 632 601 126 мың теңге;
- 2) шығындар – 6 805 804 245 мың теңге;
- 3) таза бюджеттік кредиттеу – 77 386 247 мың теңге, оның ішінде:
бюджеттік кредиттер – 190 765 812 мың теңге;
бюджеттік кредиттерді өтеу – 113 379 565 мың теңге;
- 4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 181 292 385 мың теңге, оның ішінде:
қаржы активтерін сатып алу – 182 652 385 мың теңге;
мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 1 360 000 мың теңге;
- 5) тапшылық – -1 257 716 778 мың теңге немесе елдің ішкі жалпы өнімінің 3 пайызы;
- 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру – 1 257 716 778 мың теңге.

Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда - ҚР 30.11.2015 № 425-V Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

2-бап. 2015 жылға арналған республикалық бюджетте Ресей Федерациясының "Байқоңыр" кешенін пайдаланғаны үшін 26 568 354 мың теңге сомасында және әскери полигондарды пайдаланғаны үшін 5 136 648 мың теңге сомасында жалдау ақыларының түсімдері көзделсін.

Ескерту. 2-бап жаңа редакцияда - ҚР 30.11.2015 № 425-V Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

3-бап. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына жіберілетін 2015 жылға арналған бюджетке түсетін түсімдердің көлемі 4-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

4-бап. Тиісті бюджеттің кірісіне мыналар есептелетін болып белгіленсін:

- 1) бірыңғай бюджеттік сыныптаудың кірістер сыныптамасының "Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық" коды бойынша – жер қойнауын

пайдаланушылардың роялти бойынша берешегі, сондай-ақ салық режимі тұрақтылығының кепілдіктері сақталатын жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша роялти;

2) бірыңғай бюджеттік сыныптаудың кірістер сыныптамасының "Әлеуметтік салық" коды бойынша – бұрын Зейнетақы қорына, Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа, Міндетті медициналық сақтандыру қорына, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына, Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қорына аударылып келген жарналар бойынша берешек, сондай-ақ бұрын автомобиль жолдарын пайдаланушылардың Жол қорына түсіп келген аударымдары.

Бұл ретте салық режимі тұрақтылығының кепілдіктері сақталатын жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша қызметті жүзеге асыратын салық төлеушілер жоғарыда көрсетілген аударымдарды немесе әлеуметтік салықты "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес есептелген Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына аударымдардың сомасына азайтады;

3) "Өндірушілер көтерме саудада өткізетін, өзі өндіретін бензин (авиациялық бензинді қоспағанда)" коды бойынша – бұрын Жол қорына түсіп келген бензиннен алынатын алым бойынша берешек;

4) "Өндірушілер көтерме саудада өткізетін, өзі өндіретін дизель отыны" коды бойынша – бұрын Жол қорына түсіп келген дизель отынынан алынатын алым бойынша берешек.

5-бап. Жұмыс берушілер еңбекке уақытша жарамсыздығы, жүктілігі мен босануы бойынша, бала туған кезде, жерлеуге есептеген, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленіп келген жәрдемақы сомаларының көрсетілген қорға аударымдардың есептелген сомасынан асып түсуі нәтижесінде 1998 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша құралған теріс сальдо ай сайын жалақы қорының 4 пайызы шегінде әлеуметтік салық төлеу есебіне жатқызылады.

6-бап. 2015 жылға арналған республикалық бюджетте облыстық бюджеттерден және республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінен республикалық бюджетке бюджеттік алып қоюлардың көлемі 168 538 087 мың теңге сомасында көзделсін, оның ішінде:

Атырау облысынан – 60 683 258 мың теңге;

Маңғыстау облысынан – 16 725 915 мың теңге;

Алматы қаласынан – 83 656 400 мың теңге;

Астана қаласынан – 7 472 514 мың теңге.

7-бап. 2015 жылға арналған республикалық бюджетте Ақмола, Қарағанды, Қостанай және Маңғыстау облыстарының облыстық бюджеттерінен республикалық бюджетке облыстардың ішкі істер департаменттерінің оқу орталықтарын күтіп-ұстауға арналған шығыстарды беруге байланысты 447 957 мың теңге сомасында трансферттер түсімдері көзделсін.

8-бап. 2015 жылға арналған республикалық бюджетте Ақмола, Алматы, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан облыстарының облыстық бюджеттерінен жан басына шаққандағы қаржыландыруды енгізу бойынша сынамалауды өткізу үшін мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес орта білім беру ұйымдарында 10-11 сыныптар үшін білім беру процесін жүзеге асыруға көзделген шығыстарды беруге байланысты 528 380 мың теңге сомасында трансферттер түсімдері көзделсін.

Ескерту. 8-бап жаңа редакцияда - ҚР 11.03.2015 № 290-V Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

9-бап. 2015 жылға арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан кепілдендірілген трансферт мөлшері 1 702 000 000 мың теңге сомасында көзделсін.

10-бап. 2015 жылға арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығында айқындалған мақсаттарға нысаналы трансферт 755 286 663 мың теңге сомасында көзделсін.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан нысаналы трансфертті бөлу және (немесе) оны пайдаланудың тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде айқындалады.

Ескерту. 10-бап жаңа редакцияда - ҚР 30.11.2015 № 425-V Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

11-бап. 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап:

- 1) жалақының ең төменгі мөлшері – 21 364 теңге;
- 2) мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің мөлшері – 11 182 теңге;
- 3) зейнетақының ең төменгі мөлшері – 23 692 теңге;

4) жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларын, салықтарды және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш – 1 982 теңге;

5) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеу үшін ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасы 21 364 теңге болып белгіленсін.

12-бап. 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметшілер болып табылмайтын жұмыскерлерінің, сондай-ақ жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік қазыналық кәсіпорындар жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақыларына ерекше еңбек жағдайлары үшін 10 пайыз мөлшерінде ай сайынғы үстемеақы төлеу белгіленсін.

Ескерту. 12-бап жаңа редакцияда - ҚР 11.03.2015 № 290-V Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

13-бап. 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап әскери қызметшілерге (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа) және арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің қызметкерлеріне тұрғынжайды

күтіп-ұстауға және коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге ақшалай өтемақының айлық мөлшері 3 739 теңге сомасында белгіленсін.

14-бап. 2015 жылға арналған республикалық бюджетте республикалық бюджеттен облыстық бюджеттерге берілетін субвенциялар көлемі 904 371 171 мың теңге сомасында көзделсін, оның ішінде:

- Ақмола облысына – 59 210 424 мың теңге;
- Ақтөбе облысына – 19 926 241 мың теңге;
- Алматы облысына – 102 811 145 мың теңге;
- Шығыс Қазақстан облысына – 86 527 329 мың теңге;
- Жамбыл облысына – 95 371 591 мың теңге;
- Батыс Қазақстан облысына – 36 203 569 мың теңге;
- Қарағанды облысына – 33 833 329 мың теңге;
- Қызылорда облысына – 83 180 589 мың теңге;
- Қостанай облысына – 58 910 235 мың теңге;
- Павлодар облысына – 14 477 485 мың теңге;
- Солтүстік Қазақстан облысына – 58 719 253 мың теңге;
- Оңтүстік Қазақстан облысына – 255 199 981 мың теңге.

15-бап. Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне:

1) дағдарыстық жағдай қаупі төнген және туындаған кезде іс-қимылдар бойынша оқу-жаттығу жүргізуге;

2) Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2013 – 2020 жылдарға арналған "Агробизнес-2020" бағдарламасы шеңберінде өңірлерде агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қолдауға;

2-1) жергілікті атқарушы органдардың агроөнеркәсіптік кешен бөлімшелерін ұстауға;

3) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төлеуге;

4) 18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар төлеуге;

5) халықты әлеуметтік қорғауға және оған көмек көрсетуге;

6) Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің жетпіс жылдығына арналған іс-шараларды өткізуге;

7) "Бизнестің жол картасы-2020" бағдарламасы шеңберінде өңірлерде жеке кәсіпкерлікті қолдауға;

8) моноқалалардағы ағымдағы іс-шараларды іске асыруға;

9) ауызсумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың аса маңызды топтық және оқшау жүйелерінен ауызсу беру жөнінде көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялауға;

10) мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға;

11) көлік инфрақұрылымының басым жобаларын қаржыландыруға;

12) мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметшілер болып табылмайтын жұмыскерлерінің, сондай-ақ жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік қазыналық кәсіпорындар жұмыскерлерінің лауазымдық айлықтарына ерекше еңбек жағдайлары үшін ай сайынғы үстемеақы төлеуге;

13) алып тасталды - ҚР 11.03.2015 № 290-V Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі);

14) мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға;

15) алып тасталды - ҚР 11.03.2015 № 290-V Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі);

16) үш деңгейлі жүйе бойынша біліктілікті арттырудан өткен мұғалімдерге төленетін еңбекақыны арттыруға;

17) техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандарды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын ұлғайтуға;

18) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беруді жан басына шаққандағы қаржыландыруды сынамалауға;

19) техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында білім алушылардың стипендияларының мөлшерін ұлғайтуға;

20) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін қамтамасыз етуге және кеңейтуге;

21) алып тасталды - ҚР 11.03.2015 № 290-V Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі);

22) жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушылардың стипендияларының мөлшерін ұлғайтуға;

23) алып тасталды - ҚР 30.11.2015 № 425-V Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі);

23-1) "Бизнестің жол картасы-2020" бағдарламасы шеңберінде жеке кәсіпкерлікті қолдауға;

24) халықтың иммундық профилактикасын қамтамасыз етуге;

25) профилактикалық дезинсекция мен дератизация жүргізуге (инфекциялық және паразиттік аурулардың табиғи ошақтарының аумағындағы, сондай-ақ инфекциялық және паразиттік аурулардың ошақтарындағы дезинсекция мен дератизацияны қоспағанда);

26) коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін сатып алуға;

27) жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау жөніндегі уәкілетті органның штат санын ұстауға;

28) жергілікті атқарушы органдардың сәулет, қала құрылысы, құрылыс және мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы істері жөніндегі штат санын ұстауға;

29) жергілікті атқарушы органдардың тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілерінің қауіпті техникалық құрылғыларының қауіпсіз пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыратын штат санын ұстауға;

30) елді мекендерді шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау үшін жерасты суларына іздестіру-барлау жұмыстарын ұйымдастыруға және жүргізуге;

31) азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімдерінің штат санын ұстауға;

32) инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымдарды сатып алуға 2015 жылға арналған ағымдағы нысаналы трансферттерді бөлу және (немесе) оларды пайдаланудың тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде айқындалады.

Ескерту. 15-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 11.03.2015 № 290-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 30.11.2015 № 425-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

16-бап. Мынадай:

1) агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржылық сауықтыру жөніндегі бағыт шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау;

2) кәсіптік стандарттарды әзірлеу бағыттары бойынша іске асырылатын қаражатты бөлу және (немесе) оны пайдаланудың тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде айқындалады.

Ескерту. 16-бап жаңа редакцияда - ҚР 11.03.2015 № 290-V Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

17-бап. Мынадай:

1) облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне тұрғын үй жобалауға және (немесе) салуға кредит беру;

2) инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру;

3) коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялау;

4) коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін сатып алу бағыттары бойынша іске асырылатын Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде қаражатты бөлу және (немесе) оны пайдаланудың тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде айқындалады.

Ескерту. 17-бап жаңа редакцияда - ҚР 11.03.2015 № 290-V Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

18-бап. Облыстық бюджеттерге моноқалаларда кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесуге 2015 жылға кредиттер сомаларын бөлу Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде айқындалады.

19-бап. Жұмыспен қамту-2020 жол картасын іске асыруға арналған қаражатты бөлу және (немесе) оны пайдалану тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде айқындалады.

20-бап. Азаматтардың денсаулығын сақтау мәселелері бойынша сектораралық және ведомствоаралық өзара іс-қимылды іске асыруға 2015 жылға арналған қаражатты бөлу Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде айқындалады.

21-бап. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерін базалық қаржыландыру бойынша қаражатты бөлу Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде айқындалады.

22-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылға арналған резерві 322 134 421 мың теңге сомасында бекітілсін.

Ескерту. 22-бап жаңа редакцияда - ҚР 30.11.2015 № 425-V Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

23-бап. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі шығындарының құрамында мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыруға және сақтауға республикалық бюджет кірістерінде жаңарту тәртібінде шығарылған материалдық құндылықтарды өткізуден түскен 2 279 747 мың теңге сомасындағы қаражатты көрсете отырып, 11 618 838 мың теңге сомасында қаражат көзделгені ескерілсін.

24-бап. 2015 жылға арналған республикалық бюджетте мемлекет кепілдік берген қарыздарды өтеу және оларға қызмет көрсету үшін 340 056 мың теңге көзделсін.

Ескерту. 24-бап жаңа редакцияда - ҚР 30.11.2015 № 425-V Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

25-бап. 2015 жылы Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктерін беру лимиті 120 000 000 мың теңге мөлшерінде белгіленсін.

Ескерту. 25-бап жаңа редакцияда - ҚР 11.03.2015 № 290-V Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

26-бап. 2015 жылғы 31 желтоқсанға үкіметтік борыш лимиті 8 200 000 000 мың теңге мөлшерінде белгіленсін.

Ескерту. 26-бап жаңа редакцияда - ҚР 30.11.2015 № 425-V Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

27-бап. 2015 жылы мемлекеттің кепілгерлік беру лимиті 182 560 000 мың теңге мөлшерінде белгіленсін.

28-бап. 2015 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің лимиті 1 148 280 000 мың теңге мөлшерінде белгіленсін.

Ескерту. 28-бап жаңа редакцияда - ҚР 11.03.2015 № 290-V Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

29-бап. 2015 жылға арналған республикалық бюджетті атқару процесінде секвестрлеуге жатпайтын республикалық бюджеттік бағдарламалардың тізбесі 5-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2015 жылға арналған жергілікті бюджеттерді атқару процесінде 6-қосымшаға сәйкес жергілікті бюджеттік бағдарламалар секвестрлеуге жатпайды деп белгіленсін.

30-бап. Осы Заң 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Н. Назарбаев

"2015 - 2017 жылдарға арналған
республикалық бюджет туралы"

Қазақстан Республикасының

2014 жылғы 28 қарашадағы

№ 259-V Заңына

1-қосымша

2015 жылға арналған республикалық бюджет

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР 30.11.2015 № 425-V Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 11.07.2017 № 91-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

Санаты		Атауы	Сомасы , мың теңге
	Сыныбы		
	Ішкі сыныбы		
1		2	3
		I. Кірістер	5 806 766 099
1		<i>Салықтық түсімдер</i>	<i>3 012 966 049</i>
1		Табыс салығы	994 601 900
	1	<i>Корпоративтік табыс салығы</i>	<i>994 601 900</i>
5		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	1 191 392 311
	1	<i>Қосылған құн салығы</i>	<i>945 725 255</i>
	2	<i>Акциздер</i>	<i>62 278 835</i>
	3	<i>Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер</i>	<i>169 382 432</i>
	4	<i>Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар</i>	<i>4 433 658</i>
	5	<i>Ойын бизнесіне салық</i>	<i>9 572 131</i>
6		Халықаралық сауда мен сыртқы операцияларға салынатын салықтар	805 596 747

	1	Кеден төлемдері	792 796 624
	2	Халықаралық сауда мен операцияларға салынатын басқа да салықтар	12 800 123
	8	Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	21 375 091
	1	Мемлекеттік баж	21 375 091
2		Салықтық емес түсімдер	151 440 677
1		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	116 315 345
	1	Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	4 776 730
	2	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің таза табысы бөлігінің түсімдері	28 234 846
	3	Мемлекет меншігіндегі акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер	37 794 669
	4	Мемлекет меншігінде тұрған, заңды тұлғалардағы қатысу үлесіне кірістер	2 920 890
	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	33 134 990
	6	Бюджет қаражатын банк шоттарына орналастырғаны үшін сыйақылар	500 081
	7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	2 035 074
	9	Мемлекет меншігінен түсетін басқа да кірістер	6 918 065
	2	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	2 357 332
	1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	2 357 332
	3	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	38 645
	1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	38 645
	4	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	14 912 258
	1	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	14 912 258
	5	Гранттар	1 136 647

	2	Қаржылық көмек	1 136 647
6		Басқа да салықтық емес түсімдер	16 680 450
	1	Басқа да салықтық емес түсімдер	16 680 450
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	9 758 247
	1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	400 000
	1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	400 000
	2	Мемлекеттік материалдық резервтен тауарлар сату	9 358 247
	1	Мемлекеттік материалдық резервтен тауарлар сату	9 358 247
4		Трансферттердің түсімдері	2 632 601 126
	1	Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер	175 314 463
	1	Облыстық бюджеттерден, Астана және Алматы қалаларының бюджеттерінен трансферттер	175 314 463
	4	Ұлттық қордан трансферттер	2 457 286 663
	1	Республикалық бюджетке Ұлттық қордан трансферттер	2 457 286 663
Функционалдық топ		Атауы	Сомасы
	Әкімші		мың
	Бағдарлама		теңге
1		2	3
		II. Шығындар	6 805 804 245
1		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	363 717 153
	101	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі	6 720 420
	001	Мемлекет басшысының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	4 335 268
	002	Мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының стратегиялық аспектілерін болжамды-талдамалық қамтамасыз ету	184 003
	003	Мұрағат қорының, баспа басылымдарының сақталуын қамтамасыз ету және оларды арнайы пайдалану	241 755
	005	Ведомстволық бағыныстағы мекемелердің күрделі шығыстары	388 819
	006	Қоғамның рухани-имандылық тұрғысынан қайта түлеуін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	14 740
	007	Орталық коммуникациялар қызметінің жұмысын қамтамасыз ету	417 751

	008	Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасының қызметін қамтамасыз ету	552 614
	009	Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету	585 470
102		Қазақстан Республикасы Парламентінің Шаруашылық басқармасы	10 460 737
	001	Қазақстан Республикасы Парламентінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	10 107 863
	004	Қазақстан Республикасы Парламенті ШБ-ның күрделі шығыстары	352 874
104		Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі	1 964 734
	001	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	1 865 351
	002	Мемлекеттік органдарда және мекемелерде ақпаратты техникалық қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	59 083
	005	Ақпараттық қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік органдар мен мекемелердің мамандарын даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі қызметтер	40 300
106		Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық	73 793
	001	Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының сақталуы жөніндегі қызметтер	73 489
	002	Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталықтың күрделі шығыстары	304
201		Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі	63 580 092
	001	Қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қылмыстық-атқару жүйесі, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы мемлекеттік саясатты айқындау және оның іске асырылуын ұйымдастыру жөніндегі қызметтер	63 557 230
	002	Елдің қоғамдық тәртіп саласындағы саяси мүдделерін қамтамасыз ету	22 862
204		Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі	48 071 877
	001	Сыртқы саяси қызметті үйлестіру жөніндегі қызметтер	2 534 091
	003	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын делимитациялау және демаркациялау	203 115
	004	Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің күрделі шығыстары	1 544 027
	005	Шетелдік іссапарлар	2 363 175
	008	Шетелдегі дипломатиялық өкілдіктердің арнайы, инженерлік-техникалық және нақты қорғалуын қамтамасыз ету	89 748
	009	Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктерін орналастыру үшін шетелде жылжымайтын мүлік объектілерін салу	3 028 783
	010	Шетелде Қазақстан Республикасының мүдделерін білдіру	27 483 580
	013	Халықаралық ұйымдарда, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының жарғылық және басқа органдарында Қазақстан Республикасының мүдделерін білдіру	270 710

	017	Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдарға, өзге де халықаралық және басқа органдарға қатысуы	7 397 901
	019	Ақпараттық-имидждік саясаттың іске асырылуын қамтамасыз ету	3 156 747
217		Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі	64 837 918
	001	Бюджеттік жоспарлау, мемлекеттік бюджеттің атқарылуын және орындалуын қамтамасыз ету және экономикалық және қаржылық қылмыстар мен құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл жөніндегі қызметтер	56 093 835
	002	Халықаралық қаржы ұйымдары қаржыландыратын инвестициялық жобалардың аудитін жүзеге асыру	28 260
	003	Тарату және банкроттық рәсімдерді жүргізу	4 460
	009	Кинология орталығының қызметтері	124 835
	014	Кеден қызметін жаңғырту	363 200
	016	Жекешелендіру, мемлекеттік мүлікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	492 266
	019	Жеңілдікті тұрғын үй кредиттері бойынша бағамдық айырманы төлеу	12 359
	021	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің күрделі шығыстары	1 427 127
	023	Кедендік сараптама жүргізу	24 756
	025	Оқу-әдістемелік орталығының қызметтері	58 072
	027	Меншікке мониторинг жүргізу және оның нәтижелерін пайдалану	200 736
	061	"е-Қаржымині" интеграцияланған автоматтандырылған ақпараттық жүйесін жасау	1 473 583
	067	Саяси партияларды қаржыландыру	4 254 830
	070	"Байқоңыр" кешенінің жалға алынған мүлкін есепке алу	28 976
	072	Салық әкімшілігі жүйесін реформалау	227 913
	091	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің объектілерін және инфрақұрылымын салу	22 710
225		Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	35 429 494
	014	Мемлекеттік сыйақылар және стипендиялар	227 768
	055	Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет	30 305 059
	130	Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерін базалық қаржыландыру	4 896 667
239		Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі	8 061 610
	001	Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру	7 939 530
	002	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің күрделі шығыстары	122 080
240		Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі	2 344 379

	001	Мәдениет, спорт және дін саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру	1 365 762
	003	Мәдениет, спорт, дін және мұрағат ісі саласындағы мемлекеттік ұйымдардың күрделі шығыстары	663 169
	004	Діни қызмет саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту, діни қызмет саласындағы әлеуметтанушылық, ғылыми-зерттеу және талдау қызметтерін жүргізу	313 868
	104	Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес	1 580
241		Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі	4 602 868
	001	Энергетика, атом энергиясы, мұнай-газ және мұнай-химия өнеркәсібі және қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметті үйлестіру жөніндегі қызметтер	4 574 811
	002	Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің күрделі шығыстары	28 057
242		Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі	9 951 490
	001	Стандарттау, метрология, өнеркәсіп, инвестициялар тарту, геология, туристік индустрия, индустриялық саясатты қалыптастыру, инфрақұрылымды және бәсекелестік нарықты, көлік және коммуникацияны, байланысты, ақпараттандыруды және ақпаратты дамыту, ғарыш қызметін үйлестіру және бақылау саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру	8 605 249
	062	Қазақстандық тауарлардың сыртқы нарыққа экспортын ілгерілетуге жәрдемдесу	1 310 382
	080	Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілерінің қауіпті техникалық құрылғыларының қауіпсіз пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдардың штат санын ұстауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	24 959
	104	Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес	10 900
243		Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі	57 963 643
	001	Экономика, сауда саясатын, тұтынушылардың құқықтарын қорғау және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы саясатты қалыптастыру және дамыту, мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және іске асыру, табиғи монополиялар субъектілерінің және статистика қызметі саласындағы қызметті реттеу, бәсекелестікті қорғауды қамтамасыз ету, өңірлік даму, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, кәсіпкерлікті дамыту және жер ресурстарын басқару саласындағы қызметті үйлестіру жөніндегі көрсетілетін қызметтер	25 487 458
	002	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің күрделі шығыстары	403 941
	003	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	1 671 236
	004	Тұрғын үй құрылыс жинақ салымдары бойынша сыйлықақылар төлеу	11 453 057
	005	Бюджеттік инвестициялардың іске асырылуына бағалау жүргізу	89 169
	006	Халықаралық ұйымдармен бірлесіп жүзеге асырылатын жобаларды зерттеулердің іске асырылуын қамтамасыз ету	3 811 889

007	Өңірлердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру және мемлекеттік басқаруды жетілдіру	634 317
008	Жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыруды жетілдіру жөніндегі қызметтер	58 014
009	Бюджеттік инвестициялар және концессия мәселелері бойынша құжаттаманы , мемлекеттік кепілдіктер беру үшін инвестициялық жобаларды сараптау және бағалау	86 840
010	Қазақстан Республикасының егемен кредиттік рейтингін қайта қарау мәселелері бойынша халықаралық рейтингтік агенттіктерімен өзара іс-қимыл	447 745
012	Астана экономикалық форумын өткізуді қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	311 220
013	Экономика, мемлекеттік жоспарлау және талдау саласындағы ақпараттық жүйелерді дамыту	163 270
014	Статистикалық деректерді жинау, өңдеу және тарату жөніндегі қызметтер	1 782 384
015	Қазақстан Республикасының ұлттық статистика жүйесін нығайту	1 534 953
057	Қазақстанның Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымымен ынтымақтастығы шеңберінде Қазақстанның Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының бастамалары мен құралдарына қатысуы	429 177
070	Қазақстан мен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы арасында ынтымақтастықты нығайту жөніндегі Елдік бағдарламаны іске асыру	694 898
073	Әріптестік туралы негіздемелік келісімдер шеңберінде халықаралық қаржы ұйымдарымен бірлесіп жүзеге асырылатын Қазақстан Республикасының орнықты дамуына және өсуіне жәрдемдесу жөніндегі жобалардың іске асырылуын қамтамасыз ету	8 904 075
406	Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті	1 177 981
001	Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылауды қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	1 016 299
003	Қаржылық бақылау органдары кадрларының біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	65 325
004	Қаржылық бұзушылықтарды зерттеу	42 829
006	Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің интеграцияланған ақпараттық жүйесін құру	53 528
622	Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі	12 504 565
001	Мемлекеттік қызмет саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты қалыптастыру мен іске асыру және сыбайлас жемқорлық қылмыстарға және құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл	10 728 006
002	Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің күрделі шығыстары	101 903
006	"Е-қызмет" персоналды басқарудың интеграцияланған ақпараттық жүйесін құру	797 001
008	Мемлекеттік қызмет саласындағы өңірлік хабты институционалдық қолдау және қызметтік этика, меритократияны қорғау және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу саласында мемлекеттік қызмет реформасын қолдау	637 475
012	Республиканың мемлекеттік қызмет кадрларын тестілеу жөніндегі қызметтер	240 180

637		Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі	396 102
	001	Қазақстан Республикасы Конституциясының республика аумағында жоғары тұруын қамтамасыз ету	356 305
	002	Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің күрделі шығыстары	39 797
690		Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы	763 277
	001	Сайлау өткізуді ұйымдастыру	520 136
	002	Сайлау өткізу	225 117
	003	Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының күрделі шығыстары	18 024
694		Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы	34 812 173
	001	Мемлекет басшысының, Премьер-Министрдің және мемлекеттік органдардың басқа да лауазымды тұлғаларының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	33 223 182
	009	Мемлекеттік органдар үшін автомашиналар паркін жанарту	413 425
	017	Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының күрделі шығыстары	441 604
	024	Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының ведомстволық бағыныстағы ұйымдарының күрделі шығыстары	733 962
2		Қорғаныс	422 149 197
201		Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі	46 306 952
	065	Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	35 715 629
	066	Төтенше жағдайлардан қорғау объектілерін салу және реконструкциялау	6 756 726
	067	Өрт қауіпсіздігі саласындағы стандарттарды әзірлеу	12 713
	068	Төтенше жағдайлар жөніндегі мекемелердің және органдардың күрделі шығыстары	2 990 287
	069	Төтенше жағдайлар саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер	45 520
	070	Төтенше жағдайлар және азаматтық қорғаныс корпоративтік ақпараттық-коммуникациялық жүйесін құру	103 600
	071	Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне халықты, объектілер мен аумақтарды табиғи дүлей зілзалалардан инженерлік қорғау жөніндегі жұмыстарды жүргізуге берілетін нысаналы даму трансферттері	634 485
	072	Тәуекелдерді бағалау, дүлей зілзалалардың алдын алу және оларға ден қою жөніндегі ұлттық әлеуетті күшейту	47 992
208		Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі	375 842 245
	001	Қорғанысты және Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін ұйымдастыру саласындағы мемлекеттік саясатты айқындау және іске асыру жөніндегі қызметтер	2 262 427
	002	Қарулы Күштердің автоматтандырылған басқару жүйесін құру	9 567 082

	004	Қарулы Күштердің объектілерін салу	22 206 810
	016	Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің күрделі шығыстары	135 561 707
	028	Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жауынгерлік қабілетін арттыру	206 244 219
3		Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	436 137 476
	104	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі	864 485
	003	Мемлекеттік мекемелерді фельдъегерлік байланыспен қамтамасыз ету	864 485
	201	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі	151 592 900
	003	Қылмыстық процеске қатысатын адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз ету	286 074
	004	Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызметтері	50 450 557
	005	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	680 592
	007	Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік және қылмыстық - атқару жүйесі объектілерін салу, реконструкциялау	3 003 838
	009	Облыстық бюджеттерге және Алматы қаласының бюджетіне қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздік объектілерін салуға берілетін нысаналы даму трансферттері	500 000
	010	Қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	22 899 940
	015	Жеке куәлік құжаттарын дайындау	7 772 777
	016	Жүргізуші куәліктерін, көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу үшін құжаттар, нөмір белгілерін дайындау	4 732 544
	017	Жедел-ізвестіру қызметтерін жүзеге асыру	9 685 340
	020	Нашақорлықтың және есірткі бизнесінің алдын алу жөніндегі қызметтер	54 701
	022	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің күрделі шығыстары	1 171 025
	024	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ведомстволық бағынысты мекемелерінің күрделі шығыстары	260 956
	025	Тіркелген және заңсыз сақталған қаруды, оқ-дәрілерді және жарылғыш заттарды ерікті түрде өтемді тапсыруды ынталандыру	2 104 626
	027	Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының күрделі шығыстары	7 956 051
	040	Сотталғандарды, күдіктілерді және айыпталушыларды ұстау	35 027 302
	041	Қылмыстық-атқару жүйесі органдарының және мекемелерінің күрделі шығыстары	3 110 149
	049	Қызметтік ғимараттар кешенін салу	1 359 536

051	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ақпараттық жүйелерін дамыту	397 065
058	Алматы облысының облыстық бюджетіне әкімшілік полиция қызметкерлерінің қосымша штат санын ұстауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	98 040
059	Облыстық бюджеттерге дағдарыстық жағдай қаупі төнген және туындаған кезде іс-қимылдар бойынша оқу-жаттығулар жүргізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	22 417
104	Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес	19 370
217	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі	265 165
080	Экономикалық және қаржылық қылмыстар мен құқық бұзушылықтар бойынша қылмыстық процеске қатысатын адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	97 731
092	Тәркіленген мүлікті бағалау, сақтау және өткізу	167 434
221	Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі	32 078 072
001	Мемлекет қызметін құқықтық қамтамасыз ету	12 243 395
002	Сот сараптамаларын жүргізу	3 435 523
005	Адвокаттардың заңгерлік көмек көрсетуі	1 343 655
006	Нормативтік құқықтық актілердің, халықаралық шарттардың жобаларына, заң жобаларының тұжырымдамаларына ғылыми сараптама	83 853
007	Зияткерлік меншік құқықтарын қорғау	5 389
009	Құқықтық насихат	437 260
022	Әділет органдарының күрделі шығыстары	138 328
047	Мемлекет мүдделерін білдіру және қорғау, сот немесе төрелік талқылаулар перспективаларын бағалау және жер қойнауын пайдалануға келісімшарттар және инвестициялық шарттар жобаларына заңгерлік сараптама	10 909 415
055	Қазақстан Республикасы Заңнама институтының қызметін қамтамасыз ету	337 399
059	Сот төрелігінің секторын институционалды түрде нығайту жобасын іске асыру	119 715
063	Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімдерінің штат санын ұстауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	312 260
064	Сот-медицина, сот-наркология сараптамалар бойынша қызметтер	2 711 880
410	Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті	163 007 536
001	Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету	160 210 646
002	Ұлттық қауіпсіздік жүйесін дамыту бағдарламасы	2 796 890
411	Қазақстан Республикасы "Сырбар" сыртқы барлау қызметі	8 791 885

	001	Сыртқы барлауды қамтамасыз ету	8 791 885
501		Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты	27 139 150
	001	Сот органдарының азаматтардың және ұйымдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін соттық қорғауды қамтамасыз етуі	26 732 903
	003	Сот процесіне қатысушы тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз ету	34 796
	009	Сот жүйесі органдарының күрделі шығыстары	348 501
	015	Қазақстан Республикасында сот мониторингі жүйесін жетілдіру	22 950
502		Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы	28 012 365
	001	Қазақстан Республикасында заңдардың және заңға тәуелді актілердің дәлме-дәл және бірізді қолданылуына жоғары қадағалауды жүзеге асыру	20 170 722
	002	Криминалдық және жедел есеп жүргізу жөніндегі мемлекетаралық ақпараттық өзара іс-қимыл	1 200
	004	Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының күрделі шығыстары	515 376
	006	Мемлекеттік органдарды, заңды тұлғаларды құқықтық статистика және арнайы есептер саласындағы есепке алу, статистикалық ақпараттармен қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	4 937 655
	008	Прокуратура органдары үшін объектілер салу, реконструкциялау	670 298
	009	Қылмыстық процестерге қатысушы адамдардың құқықтары мен бостандықтарының қорғалуын қамтамасыз ету	55 000
	010	Қазақстан Республикасының құқық қорғау және арнайы мемлекеттік органдары үшін ақпарат алмасу жүйесін құру	194 772
	014	Мемлекет мүдделерін білдіру және қорғау	135 000
	017	"Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімі" ақпараттық жүйесін құру	1 332 342
622		Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі	4 302 357
	009	Сыбайлас жемқорлық қылмыстары және құқық бұзушылықтар бойынша қылмыстық процеске қатысатын адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	202 770
	010	Сыбайлас жемқорлық қылмыстарға және құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл бойынша жедел-ізвестіру қызметі	4 099 587
681		Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі	20 083 561
	001	Күзетілетін тұлғалар мен объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету	17 338 026
	002	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметін дамыту бағдарламасы	2 745 535
4		Білім беру	442 059 107
104		Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі	1 119 856
	009	"Назарбаев Университеті" ДБҰ-на нысаналы салым	1 119 856

201		Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі	11 054 084
	021	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің кадрларын оқыту, біліктілігін арттыру және қайта даярлау	9 613 109
	053	Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	1 440 975
208		Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі	10 480 692
	005	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында жалпы білім беру	1 009 191
	011	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білімі бар мамандар даярлау	8 873 119
	017	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	598 382
212		Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі	208 680
	245	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарының күрделі шығыстары	208 680
221		Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі	7 729
	060	Сот-сараптама кадрларының біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	7 729
225		Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	374 050 890
	001	Білім беру және ғылым саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру	3 134 796
	002	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету	2 197 535
	004	Ғылыми зерттеулерді коммерцияландыру жобасы бойынша инновациялық жүйенің желілерін дамыту	2 408 502
	005	Білім және ғылым объектілерін салу және реконструкциялау	4 221 137
	008	Ғылым және білім беру салаларында әдіснамалық қамтамасыз ету	2 958 210
	009	Дарынды балаларды оқыту және тәрбиелеу	21 953 854
	010	Республикалық мектеп олимпиадаларын, конкурстар, мектептен тыс республикалық маңызы бар іс-шаралар өткізу	907 415
	011	Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	68 041 545
	012	Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне білім беру объектілерін салуға және реконструкциялауға және Алматы облысының облыстық бюджетіне, Алматы қаласының бюджетіне білім беру объектілерінің сейсмостұрақтылығын күшейту үшін берілетін нысаналы даму трансферттері	62 425 059
	020	Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету	87 800 778
	023	Мемлекеттік білім беру ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау	8 780 913

028	"Болашақ" бағдарламасы шеңберінде шетелдегі жоғары оқу орындарында мамандар даярлау	14 895 440
033	Қазақстан Республикасы азаматтарының қазақ тілін білу деңгейін бағалау және білім сапасына сырттай бағалау жүргізу	2 225 479
035	Білім беру ұйымдарының күрделі шығыстары	4 579 217
036	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің күрделі шығыстары	160 000
049	Балалар мен оқушы жастарға адамгершілік-рухани білім беру	43 299
050	Сенім білдірілген агенттердің білім беру кредиттерін қайтару жөніндегі қызметтеріне ақы төлеу	129 921
052	Орта және техникалық кәсіптік білім беру ұйымдарында электрондық оқыту жүйесін енгізу	5 170 651
057	"Кәсіпқор" холдингі" АҚ қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	471 324
060	"Назарбаев Зияткерлік мектептері" ДБҰ-на нысаналы салым	18 528 877
062	Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне үш деңгейлі жүйе бойынша біліктілікті арттырудан өткен мұғалімдерге төленетін еңбекақыны арттыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	14 748 099
063	Білім беру жинақтарына салымдар бойынша сыйлықақылар төлеу	3 995
064	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлау және "Назарбаев университеті" ДБҰ қызметін ұйымдастыру жөніндегі қызметтер	16 471 289
065	Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі операторының қызметтеріне ақы төлеу	37 860
068	"Назарбаев Университеті" ДБҰ базасында Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының басшыларын (топ-менеджерлерін) даярлау және біліктіліктерін арттыру	231 726
074	Техникалық және кәсіптік білімді жаңғырту	703 395
085	Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандарды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын ұлғайтуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	3 667 357
089	Облыстық бюджеттерге бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беруді жан басына шаққандағы қаржыландыруды сынамалауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	1 155 545
090	Оператордың жан басына шаққандағы қаржыландыру жөнінде көрсететін қызметтеріне ақы төлеу	14 670
092	"Назарбаев Университеті" ДБҰ-на нысаналы салым	22 911 569
093	Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында білім алушылардың стипендияларының мөлшерін ұлғайтуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	2 089 282
095	Қызылорда облысының бюджетіне Байқоңыр қаласындағы қазақ тілінде оқытатын білім беру ұйымдарының қызметін қамтамасыз етуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	982 151

		Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі	29 667 885
	003	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету	603 800
239	004	Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушылардың стипендияларының мөлшерін ұлғайтуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	143 691
	005	Денсаулық сақтау мемлекеттік ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	906 561
	006	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету	27 449 182
	007	Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	564 651
240		Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі	12 298 765
	005	Дарынды балаларды оқыту және тәрбиелеу	3 678 044
	006	Техникалық, кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету	1 689 051
	007	Мәдениет және спорт саласында кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	18 698
	027	Мәдениет пен өнер саласында кадрлар даярлау	6 414 705
	028	Мәдениет және өнер саласында қызметін жүзеге асыратын білім беру ұйымдарының күрделі шығыстары	491 828
	029	Мәдениет және өнер саласында қызметін жүзеге асыратын білім беру объектілерін салу, реконструкциялау	6 439
242		Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі	55 828
	048	Техникалық реттеу және метрология саласында, ғарыш саласында кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	55 828
243		Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі	269 203
	017	Тұтынушылардың құқықтарын қорғау және санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылық саласындағы, кәсіпкерлік, тұрғын үй шаруашылығы саласындағы кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	269 203
502		Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы	1 018 934
	018	Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің кәсіби деңгейін жоғарылату және жоғары білімнен кейінгі білім беру	1 018 934
622		Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі	1 636 868
	003	Шетелдік оқытушыларды тарта отырып, мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру бойынша көрсетілетін қызметтер	88 483
	004	Мемлекеттік қызметшілерді даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру	1 548 385
694		Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы	189 693

	011	Медицина ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау	189 693
5		Денсаулық сақтау	656 923 913
201		Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі	4 151 725
	014	Әскери қызметшілерді, құқық қорғау органдарының қызметкерлерін және олардың отбасы мүшелерін емдеу және төтенше жағдай кезінде зардап шеккендерге медициналық көмек көрсету жөніндегі қызметтер	4 151 725
208		Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі	4 784 648
	008	Қарулы Күштерді медициналық қамтамасыз ету	4 784 648
225		Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	509 742
	019	Балаларды сауықтыру, оңалту және олардың демалысын ұйымдастыру	509 742
239		Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі	609 650 364
	009	Арнайы медицина резервін сақтау	37 250
	010	Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін қамтамасыз етуге және кеңейтуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	311 233 193
	011	Жергілікті деңгейде қаржыландырылатын бағыттарды қоспағанда, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін қамтамасыз ету	240 475 761
	012	Алматы қаласының бюджетіне сейсмикалық күшейтілетін денсаулық сақтау объектілерін күрделі жөндеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	398 269
	013	Денсаулық сақтау саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер	981 169
	014	Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне денсаулық сақтау объектілерін салуға және реконструкциялауға және Алматы облысының облыстық бюджетіне, Алматы қаласының бюджетіне денсаулық сақтау объектілерін сейсмикалық күшейтуге берілетін нысаналы даму трансферттері	35 363 661
	015	Азаматтардың денсаулығын сақтау мәселелері бойынша сектораралық және ведомствоаралық өзара іс-қимыл	1 115 542
	016	Республикалық деңгейдегі мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарының күрделі шығыстары	2 447 965
	019	Денсаулық сақтаудың ақпараттық жүйелерін құру	1 682 361
	020	Денсаулық сақтау жүйесін реформалау	5 475 557
	021	Аурухананы басқару саласындағы халықаралық стандарттарды енгізу	1 263 452
	024	"Назарбаев Университеті" ДБҰ-ға нысаналы салым	9 164 742
	104	Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес	11 442
243		Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі	27 513 770
	018	Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету	11 438 858

6	019	Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне халықтың иммундық профилактикасын қамтамасыз етуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	15 800 443
	066	Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер	274 469
	694	Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы	10 313 664
	003	Республикалық деңгейде халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы	196 114
	004	Азаматтардың жекелеген санаттарына медициналық көмек көрсету	9 288 159
	005	Медициналық ұйымдарды техникалық және ақпараттық қамтамасыз ету	87 672
